

**Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасы
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы
2 тоқсанға талдамалық анықтама**

4.04.2022жыл

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасының 2021-2022 жылға сәйкес жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы өткізілді.

«Қызметкерлерді басқару» бағыты бойынша:
Мектепке дейінгі ұйымда қызметкерлердің тізімдік саны 30 адамды құрайды, оның ішінде - 14 педагог, 16-техникалық қызметкер декреттік демалыстағы қызметкерлер-жоқ. Ағымдағы жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нақты саны – 30 адам. Бүгінгі күні хореограф лауазымына бос орын бар. Бос орындар лауазымы бойынша «Электрондық еңбек биржасы» www.enbek.kz порталында уақтылы жарияланып тұрады.

2022 жылдың 2тоқсан бойынша 4 қызметкер өз еркімен жұмыстан шығарылды (басқа жұмысқа ауысу -5).Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды ресімдеу еңбек заңнамасына, мектепке дейінгі ұйым директорының ережелеріне, нұсқаулықтарына және бұйрықтарына сәйкес жүргізіледі.

-жемқорлық құқық бұзушылық – жоқ;

- мектепке дейінгі ұйымға сенім білдірмейтін тәртіптік қылықтар – жоқ;

-сотталушылар – жоқ.

-Прокурорлық қадағалау және сот актілері орын алған жоқ.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің ұсынысына сәйкес №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақша КМҚК ата-анадан ақша жинауға тыйым салу, ата-аналарға арналған бұрыштарға және көрнекі жерлерге жадынамалар ілінді.

Талданған мерзімде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалы анықтамасы белгіленген тәртіпте сайтында орналастырылатын болады.

№32 «Мөлдір» бөбекжай-балабақшасының жұмыс барысында күнделікті қолданыстағы нормативтік құжаттар: ҚР «Білім туралы заңы», ҚР Еңбек кодексі, педагогтың этикасы туралы кодексі, ҚР «Жемқорлыққа қарсы заңы», ҚР Жемқорлыққа қарсы стандарты, мектепке дейінгі мекемелердің типтік ережесі, ҚР нормативтік актілері, білім және ғылым министрлігінің, білім басқармасы департаментінің, қалалық білім бөлімінің бұйрықтары, №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасының жарғысы, №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасының жемқорлыққа қарсы стандарты, педагогикалық қызметкерлерінің аттестациялау ережесі, мектепке дейінгі мекемелерде мемлекеттік қызмет көрсету ережесі.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша нормативтік құқықтық актілердің нормалары арасында қайшылықтар, коллизиялар мен олқылықтар, нормалардың қайталануы, сыбайлас жемқорлық әрекеттерді жасау және (немесе) шешім қабылдау мүмкіндігін туғызатын сыбайлас жемқорлыққа бейім нормалар (норма ақаулары) анықталмады.

«Мемлекеттік қызметтерді көрсету»

Мектепке дейінгі ұйым 2 мемлекеттік қызметті жүзеге асырады.

- Педагогикалық кадрларды аттестаттау;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»

Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақшасында келесі мемлекеттік қызметтер көрсетіледі:

- «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін оларды аттестаттаудан өткізуге құжаттарды қабылдау».

2022 ж. 2 тоқсан бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі мектепке дейінгі ұйым директорының тұрақты бақылауында тұр.

«Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша ата-аналар үшін ақпарат мектепке дейінгі ұйымның бірінші қабатындағы стендте халыққа қолжетімді жерде орналастырылған. «Egov» өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

Педагогтарды аттестаттау кесте бойынша жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда педагогтарды аттестаттаудың 5 жылға арналған жоспары бекітілді.

Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2021 ж. қаңтардағы жұмыс жоспарына сәйкес Кеңес отырысында келесі мәселелер қаралды: МДҰ педагогикалық әдептің сақталуын бақылау, МДҰ еңбек тәртібін орындау, еңбекті ұйымдастырудың тиімділігі, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ парасаттылық мәдениетін қалыптастыру мақсатында

(<http://moldir32.kz>/<https://www.facebook.com/profile.php?id=100055700391012>) мектепке дейінгі ұйымның сайтында кіші бөлімдерді қамтитын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі құрылды:

Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымның сайтында жылына 1 рет тамақ өнімдерін сатып алуға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары орналастырылады, өнім берушілермен жасалған шарттар туралы ақпарат тоқсан сайын жаңартылып отырады.

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

Мектепке дейінгі ұйым рұқсат беру функцияларын іске асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

Мектепке дейінгі ұйым бақылау функцияларын іске асырмайды.

«Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2022ж қаржы жылының екінші тоқсанында ішкі шығыстар (жалақы, демалыс, еңбекке жарамсыздық төлемдерін төлеу) бойынша бұзушылықтарға жол берілмеді. Мемлекеттік

сатып алулар заңнамаға қатаң сәйкестікте: бір көзден алу тәсілімен және баға ұсыныстарын сұратумен жүргізілді. Порталда шарттарды және Мемлекеттік сатып алуды оңайлатуға және ашықтығына бағытталған басқа да бірқатар нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік берді. ТЖҚ порталдан тыс сатып алу жүзеге асырылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

- 1) №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақша КМҚК уақытша бос орын «Электрондық еңбек биржасы» www.enbek.kz порталында уақытылы орналастыру жөнінде шаралар қабылдау;
- 2) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шараларын алу туралы іс-шаралар, ата-аналарға түсінік жұмыстары ұйымдастырылсын; семинар-практикум, баяндама, кеңес.
- 3) №32 «Мөлдір» бөбекжай-бақша КМҚК бойынша 2022 жылдың 2 тоқсанындағы ішкі талдау жүргізу жұмыстарының нәтижелері интернет-ресурсқа орналастырылсын.

Жұмыс тобының жетекшісі

К.Н.Рахмашева

Хатшы:



А.М.Чурмантаева